



## **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

### **7М09 - Ветеринария**

(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

### **7М091 – Ветеринария**

(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

### **0841**

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

### **М138 - Ветеринария**

(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

### **7М09101 - Ветеринариялық медицина**

(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

### **Магистр**

(дайындық деңгейі)

**Семей**

## **Білім беру бағдарламасы**

**7M09 - Ветеринария**

(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

**7M091 - Ветеринария**

(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

**0841**

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

**M138 - Ветеринария**

(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

**7M09101 - Ветеринариялық медицина**

(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

**Магистр**

(дайындық деңгейі)

## АЛҒЫ СӨЗ

### Әзірленді

Қазақстан Республикасы ҒжЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (жаңа редакцияда - 20.02.2023 № 66) ЖжЖООкББМЖМС негізінде 7М091 - Ветеринария даярлау бағыты бойынша 7М09101 - Ветеринариялық медицина білім беру бағдарламасы Академиялық комитетінде

АК құрамы	Аты- жөні, толық	Ғылыми лауазымы, атағы, қызметі	Қолы
АК жетекшісі	Есенгулова Нургуль Жансаповна	ветеринария және агроменеджмент факультетінің деканы	
БББ менеджері	Билялов Ермекказы Ережепович	ветеринария кафедрасының аға оқытушысы, в.ғ.к.	
АК мүшесі	Ахметжанова Айжан Еркінгазыевна	ветеринария кафедрасының меңгерушісі м.а.	
АК мүшесі	Зайковская Ольга Николаевна	ветеринария кафедрасының аға оқытушысы, в.ғ.к.	
АК мүшесі	Ракишев Жанат Болатович	«ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Абай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің жетекшісі	
АК мүшесі	Балуанов Аян Кажмухаметович	ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Семей облыстық филиалының сынақ зертханасының меңгерушісі	
АК мүшесі	Тұрарбекова Мадира Қайратқызы	магистрант	
АК мүшесі	Өмірбеков Ұлан	магистрант	

### ПІКІР БЕРІЛДІ

Аты- жөні, толық	Қызметі, жұмыс орыны	Қолы
Аманғалиұлы Еркебұлан	ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық эпизоотияға қарсы отряд" РММ Абай облысының филиалы басшысы.	

### ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Ветеринария және агроменеджмент сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды

Хаттама № 4.1 "06" сәуір 2023 ж.

Комиссия Төрағасы Джаманова Г. И.

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында 2023 ж. «25» сәуірдегі № 8 хаттама бекітілді.

### БЕКІТІЛДІ

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында

2023 жылғы "01" қыркүйек No 1 хаттама.

Университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы Орынбеков Д.Р.

# Мазмұны

1. Кіріспе
2. Білім беру бағдарламасының паспорты:
  - 2.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты;
  - 2.2. Білім беру бағдарламасы шеңберінде даярлау бейінінің картасы:
    - Білім беру саласының жіктелуі және коды;
    - Даярлау бағытының жіктелуі және коды;
    - Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код;
    - Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды;
    - Білім беру бағдарламасының коды және атауы;
  - 2.3. Түлектің біліктілік сипаттамасы:
    - Берілетін дәреже / біліктілік;
    - Кәсіп атауы / маманның қызметінің тізімі;
    - СБШ (салалық біліктілік шеңбері) бойынша біліктілік деңгейі;
    - Кәсіби қызмет саласы;
    - Кәсіби қызмет нысаны;
    - Кәсіби қызмет түрлері.
3. Білім беру бағдарламасының модульдері мен мазмұны
4. Білім беру бағдарламасындағы көлемін көрсететін жиынтық кесте 7М09101 - «Ветеринариялық медицина»
5. ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі
6. Элективті пәндер каталогы
7. Оқу жұмыс жоспары

# 1.Кіріспе

## 1.1.Жалпы деректер

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің Ветеринария және агроменеджмент факультеті, Ветеринария кафедрасының 7M09101- Ветеринариялық медицина мамандығы бойынша іске асыратын білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік құжаттарының талаптары негізінде университеттің ұстанымдық қағидаларын ескере отырып әзірленді. Білім беру бағдарламасы білім беру процесін іске асырудың мақсаттарын, күтілетін нәтижелерін, мағыналық мазмұнын, шарттары мен технологияларының бағыты бойынша түлекті даярлау сапасын бағалауды регламенттейді. Магистратура курсының кәсіптік қызметі мен мақсатын және білім беру процесін ұйымдастыру үшін құжаттар жүйесін білдіреді. Осыған орай бағдарламаның іске асырылуы ғылыми-педагогикалық және кәсіптік бағыттары мамандық біліктілігін тереңдетіп түсіндіріліп, келешекте жоғары дәрежелі ғылыми- педагогикалық, басқарушылық және ғылыми-зерттеулерді сараптау іс шарасын жетік атқаруына мүмкіндік береді. Сонымен қатар бағдарламаның жүзеге асырылуы шет елдік жетекші ұйымдармен тығыз қатынаста іске асырылады. Білім беру бағдарламасының мазмұны модульдік форматта әзірленген оқу жоспары арқылы құрастырылған.

## 1.2.Қорытындылау критерийлері

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистрлерді даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі білім алушылардың теориялық оқытудың кемінде 88 кредитін, соның ішінде 6 кредит педагогикалық практика, 13 кредит зерттеу практикасы, сондай-ақ тағылымдамадан өтуді және магистрлік жобаны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми - зерттеу жұмысының кемінде 24 кредитін, қорытынды аттестацияның кемінде 8 кредитін игеру болып табылады. Барлығы 120 кредит.

## 1.3.Типтік оқу мерзімі: 2 жыл

## 2. Білім беру бағдарламасының паспорты

<b>2.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты</b>	Оқу бағдарламасының мақсаты - ветеринариялық медицинаның заманауи жетістіктері негізінде жануарлар ауруларының диагностикасы, емдеу және алдын алудағы ветеринариялық іс шаралардың теориялық және практикалық негіздемесін тереңдете оқып игереді.
<b>2.2. Білім беру бағдарламасы шеңберінде даярлау бейінінің картасы</b>	
Білім беру саласының жіктелуі және коды	7M09 - Ветеринария
Даярлау бағытының жіктелуі және коды	7M091 - Ветеринария
Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуіндегі код	0841
Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды	M138 - Ветеринария
Білім беру бағдарламасының коды және атауы	7M09101 - Ветеринариялық медицина
<b>2.3. Түлектің біліктілік сипаттамасы</b>	
Берілетін дәреже / біліктілік	7M09101 - Ветеринариялық медицина білім беру бағдарламасы бойынша Ветеринария ғылымдарының магистрі
Кәсіп атауы / маманның қызметінің тізімі	Бағдарлама негізінде магистранттарды даярлауда жүзеге асырылатын ғылыми, практикалық және педагогикалық ілімді игеруде мемлекет пен нарықтың қажеттіліктеріне тиісті ветеринария салаларымен байланысты бағыттар бойынша теориялық және практикалық біліктілікті меңгерді; - Кәсіби әлеуеті жоғары, оның ішінде азаматтық ұстанымы жеткілікті, ғылым мен өндірістегі қазіргі ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдай және шеше алатын, жоғары оқу орындарында сабақ бере алатын, ветеринарияның әртүрлі құрылымдарында зерттеу және басқару қызметін табысты жүзеге асыра алатын кәсіби қарым-қатынас мәдениеті жоғары мамандарды даярлау; - Магистранттарға жануарлардың жұқпалы ауруларының пайда болуы мен таралу заңдылықтары, заманауи диагностика әдістері, олармен күресу құралдары мен тәсілдері туралы кең білім беру;
СБШ (салалық біліктілік шеңбері) бойынша біліктілік деңгейі	7
Кәсіби қызмет саласы	Ғылыми педогогикалық зерттеу жұмыстарындағы заманауи жетістіктердің ветеринариялық және педагогикалық практикадағы қолданылуындағы басты ұстанымдарды игеру мақсатында кәсіптік білім қызметінің бағыттарына қатысты әртүрлі ұйымдастыру мен басқарушылық жұмыстардың құқықтық-нормативтік іс құжаттарын жүргізу;
Кәсіби қызмет нысаны	"Ветеринарлық медицина" білім беру бағдарламасы бойынша магистратура түлектерінің кәсіби қызметінің объектілері: - жоғары, орта-арнайы, кәсіптік-техникалық оқу орындарындағы педагогикалық қызмет, ғылыми - өндірістік орталықтар мен институт бөлімдеріндегі

	<p>ғылыми қызмет.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ауыл шаруашылығы жануарларының, құстардың, балықтардың, бал араларының барлық түрлері және олардың өнімдері, әртүрлі ауруларға қарсы профилактикалық, сауықтыру іс-шараларын жүргізуге;</li> <li>- жұқпалы ауру жануарларды емдеу, жою кезінде жабдықтар мен аспаптар, биопрепараттармен тікелей жұмыс атқару;</li> </ul>
<p>Кәсіби қызмет түрлері</p>	<p>Негізгі кәсіптік білімнің мақсаты мен міндеттеріне орай ветеринария саласының барлық бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жобаларын құрастырудағы өзекті мәселелерді сараптай алу мен оны жүзеге асыруға негіздеме беру.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ветеринариялық-санитариялық іс шараларға қатысты барлық қызмет түрлері бойынша ауыл шаруашылық өндірістің барлық субъект түрлері;</li> <li>- транспорт, цирктер, ипподромдар, лабораториялар, зоопарктер, ет комбинаттар, биокөбинаттар және биологиялық препараттар сапасын бақылау және дайындау бойынша орындар;</li> <li>- ветеринариялық-биологиялық профильдер ұйымдары және ғылыми зерттеулік институттар; әскери-ветеринариялық қызмет;</li> <li>- импортталатын жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат арқылы адам мен жануарларға ортақ аурулар қоздырғыштарын, сондай-ақ қауіпті зооноздарды әкелуден мемлекет аумағын қорғау;</li> <li>- жануарлардың жұқпалы ауруларына қарсы жалпы және профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру бойынша ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру;</li> <li>- техникалық және ауыл шаруашылығы бағытындағы орта, жоғары және қосымша кәсіптік білім беру ұйымдарындағы, ғылыми-зерттеу, жобалау ұйымдарындағы және өндірістегі өндірістік қызмет;</li> </ul>
<p>Бітіруші түлек моделі</p>	<p>Ветеринария ғылымдарының магистрі 7M09101 Ветеринариялық медицина білім бағдарламасын игеру негізінде ғылыми педагогикалық тұрғыдан өндірістік басқарушылық және ұйымдастырушылық іс әрекеттермен қатар жобалық технологиялық іс шараларды дербес атқара алады.</p>

### 3.Білім беру бағдарламасының модульдері мен мазмұны

#### Модуль 1.Социолінгвистикалық және ғылыми-педагогикалық қызмет

##### Тәжірибе жасаудың теориясы мен әдістері

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	31993 (3023877)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	30сағат
Зертханалық жұмыстар	0сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

##### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Ғылымның басты талаптары негізінде ізденушінің өзі мақсат тұтқан ғылыми зерттеу жұмысының міндеттерін айқындауға және теориялық тұрғыдан әдістемелік бағыттағы ойлау жүйесін қалыптастырып бекітуді оқытады. Бұнда ғылыми теориялық қағидалардың ұстанымын логикалық тұрғыдан эксперимент жүргізудегі әдістемеліктерін сараптаудағы ізденістік дәйектемелерді құрастырады. Осы негізгі ұстанымдар негізінде ветеринариялық медицинаның заманауи ғылыми жетістерін өз мақсатында қолданудағы зерттеу нысанында қалыптасудағы икемділікті айқындай алады.

##### Пәнді оқыту мақсаты

«Тәжірибе жасаудың теориясы мен әдістері» пәнінің мақсаты көптеген ветеринариялық ғылымдардың жетістіктерін пайдалана отырып, магистранттарға ғылыми зерттеу барысында тәжірибе қою, оған қойылатын талаптар мен әдістемелік қамтамасыз етілуі, әдістері, алынған деректерді биометриялық өңдеу, зерттеу нәтижелерін талдау мен қорытындылауды оқыту.

##### Оқыту нәтижелері

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

##### Пререквизиттер

Бакалавриат

##### Постреквизиттер

Жұқпалы емес аурулардың дәстүрлі емес әдістері

##### Шет тілі (кәсіби)

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	ЖОО компоненті
SubjectID	32879 (3023911)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	3
Практикалық және семинарлық сабақтар	30сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	20сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	40сағат
Барлығы	90сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

##### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Тиісті білім саласының түпнұсқа әдебиетін шет тілінде еркін оқуға оқытуды көздейтін кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін жалпы мәдени, кәсіби және арнайы құзыреттерді меңгеру; мамандық бойынша монологиялық және диалогтік нысанда ауызша қарым-қатынас дағдыларын дамыту; магистранттың ғылыми жұмысымен байланысты тақырыптарда жазбаша ғылыми қарым-қатынас дағдыларын дамыту, сондай-ақ ғылыми саладағы халықаралық ынтымақтастықтың нысандары мен түрлерімен танысу.

##### Пәнді оқыту мақсаты

Магистратурада "Шет тілі (Кәсіби)" пәнін оқытудың мақсаты болашақ магистрдің кәсіби қызметінде тілді белсенді меңгеру дағдылары мен іскерлігін одан әрі дамыту негізінде шет тілінде білім берудің халықаралық стандарттары шеңберінде коммуникативтік құзыреттілікті жүйелі тереңдету болып табылады.

##### Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

##### Пререквизиттер

Магистратура курсы

##### Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау



## Ғылым тарихы мен философиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	ЖОО компоненті
SubjectID	32880 (3023910)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	30сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән ғылыми ойлау мәдениетін зерттеуге бағытталған, аналитикалық мүмкіндіктер мен зерттеу дағдыларын қалыптастырады, болашақ ғалымға қажетті теориялық және практикалық білім береді. Ғылымның тарихи эволюциясын және олар қалыптастыратын философиялық перспективаларды зерттейді. Қазіргі ғылымның пайда болуы, оның әлеуметтік және институционалдық байланыстары сипатталған. Ойлау эксперименттеріне, теорияларды растау мен теріске шығаруға, сандық және жоғары сапалы зерттеу әдістерінің пайда болуы мен қолданылуына байланысты жалпы философиялық мәселелер қарастырылады.

### Пәнді оқыту мақсаты

магистранттарда жалпыадамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде ғылыми ойлаудың тарихы мен философиясын (теориясын) терең түсінуге негізделген пәнаралық дүниетанымды қалыптастыру.

### Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

### Пререквизиттер

Магистратура курсы

### Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

## Жоғары мектептің педагогикасы

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	ЖОО компоненті
SubjectID	32877 (3023913)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	3
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	20сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	40сағат
Барлығы	90сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс жоғары білім берудің негізгі бағыттарын, қағидаттарын мен заңдылықтарын зерделеуге бағытталған. Курсты оқу барысында қазіргі педагогиканың базалық ұғымдары, оқыту мен тәрбиелеудің тұжырымдамасы мен теориясы, жоғары мектептің дидактикасы қарастырылатын болады. Магистрант білім беру процесін ұйымдастыруды жобалау дағдыларын, жеке және топтық рефлексия тәсілдерін меңгереді, педагогикалық мақсаттарды сауатты тұжырымдай алады, білім беру технологияларын оқу үрдісінде қолдана алады, пәндердің жұмыс бағдарламаларын құрастыра алады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді игерудің мақсаты- жоғары білім туралы білім жүйесін, оның мазмұнын, құрылымын, білім беру процестерін басқару принциптерін игеру және білім беру процесін басқару мен ұйымдастыруда заманауи технологияларды игеру.

### Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

### Пререквизиттер

Магистратура курсы

### Постреквизиттер

Педагогикалық практика

## Басқару психологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	ЖОО компоненті
SubjectID	32878 (3023912)
Курс	1
Семестр	1

Академиялық кредит саны	3
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	20сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	40сағат
Барлығы	90сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курстың мазмұны басқару психологиясының тәсілдері мен бағыттарын, басқарудың психологиялық заңдылықтарын, басқару мәселелерін жоспарлау мен шешу ерекшеліктерін меңгеруге бағытталған. Білім алушылар конфликттік жағдайларды шешудің психологиялық әдістерімен танысады, жұмысты ынталандыру тәсілдерін, басқарудың тиімді стильдерін қолдану әдістерін меңгереді. Басқару процесінің тиімділігінің төмендеуінің негізінде жатқан психологиялық себептерді талдау дағдылары қалыптасады.

### Пәнді оқыту мақсаты

"Басқару психологиясы" пәнінің мақсаты қазіргі жағдайда психикалық құбылыстар жүйесі, мінез-құлықтың психологиялық айнымалылары және адамның саналы қызметі туралы ғылыми негізделген идеяларды қалыптастыру болып табылады және магистранттарда алынған психологиялық білімді білім беру қызметінде қолдану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді

### Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

### Пререквизиттер

### Постреквизиттер

## Педагогикалық практика

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	ЖОО компоненті
SubjectID	32216 (3023876)
Курс	2
Семестр	1
Академиялық кредит саны	6
Педагогикалық практика	180сағат
Барлығы	180сағат
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Педагогикалық практика магистранттарға жоғарғы оқу білім беру үрдісін жүргізудегі педагогикалық икемділікті игеріп өз бойына бекітуде маңыздылығымен ерекшеленеді. Бұнда магистрант негізгі мамандығындағы педагогикалық ұстаным қағидасы бойынша теориялық білімін практикалық тұрғыдан педагогикалық шеберлігін қалыптастыруда тәжірибе жинақтауды қалыптастырады. Сонымен қатар өз білімі мен педагогикалық қабілетін іс жүзінде шындап ізденістік шығармашылық ой қабілеттілік тұжырымын көрсетуге ықпал ету дағдысын игереді.

### Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушылардың ғылыми педагогикалық іс шаралардың мағыналық мазмұнын педагогикалық және ғылыми зерттеу әлеуеті тұрғысынан дамыту мақсатында оқытылады. Осыған орай педагогикалық практика барысында білім беру үрдісінің мазмұны және күтілетін идеялық тұжырымдарымен жан жақты танысады. Сонымен қатар білім беру барысында оқытушының педагогикалық қызметіндегі инновациялық технологияларды қолданудағы ерекшеліктерді игереді.

### Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

### Пререквизиттер

Тәжірибе жасаудың теориясы мен әдістері

### Постреквизиттер

Зерттеу практикасы

## Модуль 2. Ветеринариядағы жаңа әдіснама негіздері

### Ветеринариялық ортопедия

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	32198 (3023883)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	30сағат
Зертханалық жұмыстар	0сағат

Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Жануарлар тұяқтарының анатомо- топографиялық құрылымын және ондағы биомеханикалық қозғалыстардың жүйелілігін анықтауды және тексеру әдістерін оқытады. Сонымен қатар ветеринариялық практикада белгілі тұяқ ауруларын дәйекті түрде сипаттауды меңгереді. Сондай- ақ, тұяқ деморфациясын қалпына келтірудегі әдіс айлалық, тағалау, шегелеудегі талаптар үйретіледі. Жалпы ортопедиялық ұғымға қатысты ауытқуларды анықтаудағы жануарлардың аяқ алысы мен жүрісі сирақтарын қоюының ауруларға байланыстылығы және этиопатогенездік балау мен клиникалық белгілерді анықтау үйретіледі.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді оқытудың мақсатында жануарлардың тірек қимыл жүйесіне қатысты ауытқуды анықтау мен хирургиялық жәрдем берудің теориялық және практикалық негіздемесі оқытылады. Сонымен қатар негізгі дағдыларды игеру барысында клиникалық ой өрісін дамытып хирургиялық іс әрекетті меңгереді.

### Оқыту нәтижелері

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

ON7 Жануарлар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, организмдегі этиопатогенетикалық процесс негізінде терапиялық жүйені қалыптастыруды меңгеру.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Мал шаруашылығындағы биотехнология

## Ветеринариялық офтальмология

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	32199 (3023882)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	30сағат
Зертханалық жұмыстар	0сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Ветеринариялық офтальмология көру мүшесіне ветеринариялық іс шара жүргізудің аса шеберлігін меңгеруді оқытады. Жануарлардың биологиялық ерекшелігі негізінде көру мүшесінің функциональдық қабілеті мен оның анатомиялық құрылымын тексерудегі әдістер мен балауды үйретеді. Көз ауруларына қатысты патологиялық үрдістердің дамуы мен терапевтикалық хирургиялық әдістердің қолдану техникасын жүргізудегі шеберлігін қалыптастырады. Көз ауруларына тиісті жоспарлы түрде жүргізілетін алдын алу және емдеудегі заманауи іс шаралардың жоспарын құрастыруды үйретеді.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді мақсаты – жануарларға қатысты офтальмологиялық қызметті қамтамасыз етудегі теориялық және практикалық білімді игерудегі алғы шарттарды қалыптастырады. Сонымен қатар жануарлардағы офтальмологиялық ауруларға байланысты хирургиялық қажеттіліктерді жүзеге асыруды үйретеді.

### Оқыту нәтижелері

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON7 Жануарлар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, организмдегі этиопатогенетикалық процесс негізінде терапиялық жүйені қалыптастыруды меңгеру.

ON9 Жануарлар мен құстар ауруларының емдеу-алдын алу іс-шараларының нәтижелерін талдау.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Ветеринариядағы практикалық терапия

## Ветеринарлық іс жүргізу жұмысы

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	32127 (3023878)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5

Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	30сағат
Зертханалық жұмыстар	0сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Ветеринариялық іс жүргізудің негізгі талабы бойынша ветеринариялық құжаттардың ресімделуіндегі заңнамалық қағидалардың сақталуы мен оған қатысты ветеринариялық санитариялық іс шаралардың іске асырылуы барысындағы ілеспелі және сақталуы міндетті құжаттардың басты талаптарын орындауды меңгереді. Іс құжаттарды ресімдеу барысында негізгі заңнамалармен қоса экономикалық, статистикалық, есептілік және өндірістік қажеттілікке тиісті басқа да ресімделулердің де іске асуын жүргізуді үйренеді.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Пәнді игерудегі мақсат – ветеринариялық саланың түріне лайықты заңнамалық ұстанымдар негізіндегі ветеринариялық іс шаралардың жүргізілуін ресімдеуді оқытады. Осыған орай білім алушы теориялық және практикалық білім алу барысында ветеринариялық биологиялық ғылым деңгейіндегі жануарларды емдеу және алдын алудағы ветеринариялық қызмет түріне сәйкес іс құжаттарын жүргізуді меңгереді. Сондай-ақ, тиісті саладағы мәселеге қатысты концепциялық жобаларды құрастырудағы өзектіліктің маңыздылығы мен практикалық құндылық әлеуеттілігін сипаттауды игереді.

### **Оқыту нәтижелері**

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

### **Пререквизиттер**

Бакалавриат

### **Постреквизиттер**

Ветеринариялық медицинаның қазіргі замаңғы мәселелері

## **Эпизоотологиядағы ГАЖ-технологиялар**

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	32200 (3023905)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	30сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Эпизоотологиядағы географиялық ақпараттық жүйе (ГАЖ) ветеринарияда өз маңыздылығымен ерекшеленеді. ГАЖ – дық технология компьютерлік автоматтандыруда эпизоотологиялық ақпаратты жанақтау және ұзақ мерзімді статистикалық мәліметтерді жүйелендіру мен әртүрлі бағдарламалық мағлұматтармен әрдайым танысып отыруға мүмкіндік береді. ГАЖ құрылымға электронды карта және ауруға қатысты себеп салдарлық байланыстар мен жануарлардағы инфекциялық аурулардың таралу динамикасын енгізу талаптары үйретіледі.

Жүйелік құрылымда географиялық Web-серверлік жүйемен жұмыс істеу үйретіледі.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Пәнді оқытудың мақсатында – инфекциялық аурулардың пайда болуындағы әртүрлілік, бәсеңдеуі мен жойылып кетуіндегі жағдайлардың теориялық және практикалық негіздемесін игереді. Осыған орай геоақпараттық талдау үшін автоматтық негізде картографиялық мониторингке жүйелеп енгізуге деректемлер жинақтап оларға талдау жүргізуді меңгереді.

### **Оқыту нәтижелері**

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

ON4 Эпизоотологиялық талдауды, инфекциялық емес және инвазивтік ауруларды диагностикалауды және емдеуді меңгеру. Жануарлардың өлу себептерін анықтау.

ON6 Ветеринариялық қызмет түрлеріне байланысты нормативтік құқықтық акт ретінде ветеринариялық заңнаманы практикада қолдану.

ON9 Жануарлар мен құстар ауруларының емдеу-алдын алу іс-шараларының нәтижелерін талдау.

### **Пререквизиттер**

Бакалавриат

### **Постреквизиттер**

Жануарлардың сирек кездесетін және экзотикалық паразитарлық аурулары

## **Аймақтық эпизоотология**

Пән циклі	Базалық пәндер
-----------	----------------

Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	32201 (3023906)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	30сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Аймақтық эпизоотология жануарлар мен құстар арасындағы жұқпалы ауруларға мониторинг жасап ауру ошағына талдауды үйретеді. Инфекциялық бастаудың нозологиялық түрлеріне қарай аумақтық қамтылуы мен оның таралу мүмкіндігі мен буферлік аймақтарға өзіндік болжаулық нұсқамалар көрсетіледі. Осыған орай аурудың алдын алу жоспарларын құрастыру үйретіледі. Сонымен қатар инфекциялық бастамаларға экологиялық классификациялар жіктеледі. Бұнда инфекцияның шығу мүмкіндігі жоғары биотикалық нысандарға болжау жасау оқытылады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Пәннің мақсатында – негізінен жұқпалы ауруларға қатысты ветеринариялық-географиялық негіздеме ретінде экологиялық жүйеге қатысты әр аумақтағы жануарлар арасындағы инфекциялық аурулардың пайда болуы зерделенеді. Сонымен қатар жұқпалы аурулардың қоршаған ортаға қатысты тарихи және генетикалық байланыстылығы дәріптеледі.

### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON4 Эпизоотологиялық талдауды, инфекциялық емес және инвазивтік ауруларды диагностикалауды және емдеуді меңгеру. Жануарлардың өлу себептерін анықтау.

ON6 Ветеринариялық қызмет түрлеріне байланысты нормативтік құқықтық акт ретінде ветеринариялық заңнаманы практикада қолдану.

ON9 Жануарлар мен құстар ауруларының емдеу-алдын алу іс-шараларының нәтижелерін талдау.

### **Пререквизиттер**

Бакалавриат

### **Постреквизиттер**

Ветеринариялық энтомология және энтомологиялық зерттеу әдістері

## **Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және магистрлік диссертацияны жазу әдістері**

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	32202 (3023879)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	30сағат
Зертханалық жұмыстар	0сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Ғылыми ізденуші ғылыми зерттеуді жүргізудің зерттеу жоспарын құрастыру мен атқарылатын іс шараларды ұйымдастыру және алынған нәтижелерді сараптаумен қатар оған қатысты ғылыми еңбектерге сілтеме жасауды және дәйектеуді меңгереді. Сонымен қатар магистрлік диссертациялық жұмысты жазудың негізгі талаптары бойынша мамандық пен ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты мен міндеттеріне орай оның жалпы мағыналық мазмұны ойластырылып оған лайықты сипаттамалармен ізденістік нәтижелерін тұжырымдауды оқытады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Пәнді игеру бағдарламасына лайықты кәсіптік тапсырмаларды шешу мақсатындағы ұстанымдар негізінде ғылыми зерттеулердің жоспарын құрастыру мақсатында зерттеулердің әдістемеліктерін игереді. Сондай-ақ, білім алу барында алған теориялық және практикалық білім аясын жүйелеп кеңейтудегі ұстанымдары заманауи технологияға үйлесімділігіне талдау бере алады. Сонымен қатар зерттеулер нәтижесін талдау мен олардың өндіріс саласына енгізілуіне қажеттіліктерді ары қарай жүзеге асыруды меңгереді.

### **Оқыту нәтижелері**

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON8 Халықты зооантропоноз ауруларынан қорғаудың құқықтық принциптерін түсіну және халықты ветеринариялық ағарту бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу.

## Пререквизиттер

Бакалавриат

## Постреквизиттер

Жұқпалы емес аурулардағы мәселелер

## Ит мысықтардың хирургиялық аурулары

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	32207 (3023881)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	30сағат
Зертханалық жұмыстар	0сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

## Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

### Пәнді оқыту мақсаты

Ауру жануар организмінде патологиялық процестерді табудың теориялық және практикалық дағдыларын студенттерге беру, олардың пайда болу себептерін және жағдайларын, аурудың мәнін, алдын-алу және күресу шараларын білу.

### Оқыту нәтижелері

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON8 Халықты зооантропоноз ауруларынан қорғаудың құқықтық принциптерін түсіну және халықты ветеринариялық ағарту бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу.

ON9 Жануарлар мен құстар ауруларының емдеу-алдын алу іс-шараларының нәтижелерін талдау.

## Пререквизиттер

Бакалавриат

## Постреквизиттер

Кинология және фелинология

## Жануарлар мен құстардың инфекциялық ауруларының эпизоотологиялық мониторингі

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	32203 (3023904)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	30сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

## Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән ветеринариялық практикадағы жануарлар мен құстардың инфекциялық ауруларындағы аса маңыздылығымен ерекшеленетін негізгі фактордың шығу көздерімен оның жануар организмине енуі жағдайларын оқытады. Осыған орай инфекциялық аурудың нозологиялық түріне қатысты этиопатогенездік үрдістерін зерделеуді игереді. Сондай-ақ, ауруға қатысты эпизоотологиялық жағдайын бағалау және қайталанбалылығын болжап аумақтық ақпараттық базалық мәліметті жинақтаумен және оған қарсы ветеринариялық-санитариялық іс шараларды жоспарлап құрастырады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді оқытудың мақсатында – жануарлар мен құстар арасында инфекциялық аурулардың таралуы мен оның түрлеріне қатысты эпизоотологиялық және инфектологиялық ілімнің теориялық және практикалық негіздемелерін меңгереді. Сондай-ақ инфекциялық ауруды анықтау және онымен күрес шараларының жоспарын құрастыруды игереді. Сонымен қатар эпизоотологиялық мониторинг және қадағалаудағы заңнамалық қағидалар негізінде құжаттық ресімдеуді үйренеді.

### Оқыту нәтижелері

ON4 Эпизоотологиялық талдауды, инфекциялық емес және инвазивтік ауруларды диагностикалауды және емдеуді меңгеру. Жануарлардың өлу себептерін анықтау.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

ON6 Ветеринариялық қызмет түрлеріне байланысты нормативтік құқықтық акт ретінде ветеринариялық заңнаманы практикада қолдану.

## Пререквизиттер

## Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы I

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Пәннің компонент	ЖОО компоненті
SubjectID	32215 (3023901)
Курс	1
Семестр	2
Академиялық кредит саны	11
Ғылыми-зерттеу жұмысы	330сағат
Барлығы	330сағат
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән магистрлік оқытуда қамтылатын – білім беру және ғылыми зерттеу бөлімдерінен күтілетін негізгі нәтижелерді айғақтауға және тағлымдамалықты игеру дәрежесін сипаттауды оқытады. Оқу әдістемеліктерді құрастыру және ғылыми зерттеу жұмысында алынған нәтижелерге дәйектеме беру оқытылады. Жалпы педагогикалық ғылыми тұжырымдамада танымдық түйсіктерді сипаттай алу, жүйелеп жеткізу шеберлігі үйретіледі. Осыған орай ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастырудың өзіндік логикасы қалыптасады. Сондай-ақ, экспедициялық, ізденістік стратегиялық жоспарларды құрастыру дағдысын қалыптастырады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді игеру бағдарламасына лайықты кәсіптік тапсырмаларды шешу мақсатындағы ұстанымдар негізінде ғылыми зерттеулердің жоспарын құрастыру мақсатында зертеулердің әдістемеліктерін игереді. Сондай-ақ, білім алу барында алған теориялық және практикалық білім аясын жүйелеп кеңейтудегі ұстанымдары заманауи технологияға үйлесімділігіне талдау бере алады. Сонымен қатар зерттеулер нәтижесін талдау мен олардың өндіріс саласына енгізілуіне қажеттіліктерді ары қарай жүзеге асыруды меңгереді.

### Оқыту нәтижелері

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

ON9 Жануарлар мен құстар ауруларының емдеу-алдын алу іс-шараларының нәтижелерін талдау.

### Пререквизиттер

Тәжірибе жасаудың теориясы мен әдістері

### Постреквизиттер

Клиникалық анатомия (Секциялық курс)

## Төлдердің жұқпалы емес ауруларының диагностикасы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	32128 (3023893)
Курс	2
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	30сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән жануарлар төлдерінің жұқпалы емес ауруларын балау барысында қарастырылатын этиопатогенетикалық факторларды – эмбриональды және постэмбриональды тұрғыдан саралап тексеруді оқытады. Осыған орай төлдің эмбриональды жетілуі кезіндегі аналық жануарға көрсетілетін зооветеринариялық жағдайлар талқыланады. Сондай-ақ, төлдің туғаннан кейінгі жас төлдің анатомо-физиологиялық және биологиялық ерекшелігіне қарай факторлық аурулардың этиологиялық салдарлары зерделенеді. Сонымен қатар жүйелік ауруларды диагностикалаудағы ажырату тәсілдері оқытылады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәннің мақсатында – негізгі ұстанымдар негізінде нозологиялық ауру түріне қатысты синдромдық көрсеткіштерді нақты тануды және оның диагностикасындағы ұтымды тексеру әдістерін меңгеру оқытылады. Жалпы аурудың негізгі факторлары бойынша олардың жіктелуіне дәйектемелерді беру меңгеріледі. Осыған орай кешенді емдеу жүйесі құрастырылып, тағайындалатын шипа ұсынымға негіздеме беру игеріледі.

### Оқыту нәтижелері

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

ON7 Жануарлар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, организмдегі этиопатогенетикалық процесс негізінде терапиялық жүйені қалыптастыруды меңгеру.

### Пререквизиттер

Мал шаруашылығындағы биотехнология

### Постреквизиттер

Клиникалық анатомия (Секциялық курс)

## Құс паразитоздарын емдеудің және алдын алудың заманауи әдістері

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	32218 (3023895)
Курс	2
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Зертханалық жұмыстар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Құстардың паразитарлық ауруларын емдеу барысында заманауи емдеу және алдын алу іс шараларының озық үлгілерімен ақпараттық мәлімдемелер арқылы танысуды және оған сараптама жасауды оқытады. Бұнда негізінен гельминтоздық аурулардың эпизоотиялық жағдайларын ескере отырып құстардың зақымдану жолдары және аурудың таралу механизмдеріне талдау жасалып, тиісті іс шараларға болжам жасауды зерделейді. Инвазиялық ауруларға қатысты озық үлгідегі ветеринариялық іс шаралардың ұтымдылығын пайдалануға негіздемелік сипаттама беруді оқытады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәннің мақсатында құс паразитоздарын балау және емдеу мен алдын алудың жоғары технологиялық ветеринариялық ұстанымдарын оқытады. Осыған орай құстар арасындағы паразитоздық аурудың таралуы мен оған қатысты терапевтикалық іс шаралардың озық үлгілерін қолдануды меңгереді.

### Оқыту нәтижелері

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

ON7 Жануарлар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, организмдегі этиопатогенетикалық процесс негізінде терапиялық жүйені қалыптастыруды меңгеру.

ON9 Жануарлар мен құстар ауруларының емдеу-алдын алу іс-шараларының нәтижелерін талдау.

### Пререквизиттер

Ветеринариялық медицинаның қазіргі замаңғы мәселелері

### Постреквизиттер

Жануарлардың аурулары мен өліміне сот- сараптамасы

## Жануарлардың гематологиялық параметрлері

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	32221 (3023898)
Курс	2
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Зертханалық жұмыстар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Жануар генотипіне сәйкес гомеостаздық тұрақтылықты сақтаудағы ең басты маңызды қызметтер гематологиялық және физико-биохимиялық үрдістер болып табылады. Гематологиялық көрсеткіштер дәйектемелерін математикалық модельдеу әдістемеліктерін игере отырып, ондағы құбылыстарға сипаттама беру оқытылады. Сонымен қатар алған білім негізінде қан құрылымындағы морфобиологиялық негізге, клинко-иммунологиялық тексеру арқылы жануар денсаулығына баға беруді меңгереді. Алынған дәйектемелер негізінде емдеу және алдын алу шараларына арнайы іс шара жоспарын құрастыруды үйренеді.

### Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді оқу барысында жануар организмне қатысты физиологиялық клиникалық жағдайларының дәрежесін анықтау және балау барысында қан құрамындағы морфобиохимиялық көрсеткіштерді тексеру және ол бойынша бағалауды оқытады.



Осыған орай қан құрамы көрсеткіштерінің диагностикалық маңыздылығындағы өзара қатынастық үйлесімділіктеріне дәйектеме беруді үйренеді.

#### Оқыту нәтижелері

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON4 Эпизоотологиялық талдауды, инфекциялық емес және инвазивтік ауруларды диагностикалауды және емдеуді меңгеру. Жануарлардың өлу себептерін анықтау.

ON7 Жануарлар мен құстардың биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, организмдегі этиопатогенетикалық процесс негізінде терапиялық жүйені қалыптастыруды меңгеру.

#### Пререквизиттер

Ветеринариялық медицинаның қазіргі замаңғы мәселелері

#### Постреквизиттер

Клиникалық анатомия (Секциялық курс)

### Клиникалық анатомия (Секциялық курс)

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	32226 (3023909)
Курс	2
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	30сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Типтік патологиялық процестер мен реакциялардың себептерін зерттейді. Аурудың морфологиялық реттілігіне, көрінісіне сипаттама. Аурудың асқынуы мен соңын анықтау. Аурулардың патоморфозын зерттеу. Диагностикалық және емдік процедуралардың нәтижесінде дамиды патологиялық процестер. Морфологиялық әдістерді қолдана отырып, патологиялық процестердің тірі кезінде және өлімнен кейінгі диагностикасы. Өлекселерді сою және ауыл шаруашылық малдарының ауруларын патоморфологиялық диагностикалау, зертханалық зерттеулер үшін патологиялық материалдарды сою, іріктеу және хаттама толтыру.

#### Пәнді оқыту мақсаты

Жануарлардың өлген себептері туралы қорытынды жасау үшін өлі және өлтірілген жануарларды сою дағдысын меңгеру.

#### Оқыту нәтижелері

ON2 Ветеринария саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

ON3 Жануарлар ауруларын диагностикалаудың заманауи кешенді әдістерін қолдану әдістемесін меңгеру.

ON5 Ветеринарияның теориялық және қолданбалы мәселелерін талдау және шешу, жануарлар мен құстарға ветеринариялық алдын алу іс-шараларын көрсету.

#### Пререквизиттер

Ветеринариялық медицинаның қазіргі замаңғы мәселелері

#### Постреквизиттер

Зерттеу практикасы

### Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы II

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Пәннің компонент	ЖОО компоненті
SubjectID	32223 (3023902)
Курс	2
Семестр	1
Академиялық кредит саны	4
Ғылыми-зерттеу жұмысы	120сағат
Барлығы	120сағат
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

#### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән магистрлік оқытуда қамтылатын – білім беру және ғылыми зерттеу бөлімдерінен күтілетін негізгі нәтижелерді айғақтауға және тағылымдамалықты игеру дәрежесін сипаттауды оқытады. Оқу әдістемеліктерді құрастыру және ғылыми зерттеу жұмысында алынған нәтижелерге дәйектеме беру оқытылады. Жалпы педагогикалық ғылыми тұжырымдамада танымдық түйсіктерді сипаттай алу жүйелеп жеткізу шеберлігі үйретіледі. Осыған орай ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастырудың өзіндік логикасы қалыптасады. Сондай-ақ, экспедициялық, ізденістік стратегиялық жоспарларды құрастыру дағдысын қалыптастырады.

#### Пәнді оқыту мақсаты

